

Одним из важных гражданских качеств становится способность к самоопределению, благодаря которому человек сможет разумно существовать в условиях выбора, т. е. в условиях свободы и ответственности.

Воспитание гражданственности личности в значительной степени определяется объективным состоянием государства, уровнем развития демократии и гуманности в обществе, востребованностью гражданских качеств его членов. В свою очередь, уровень развития общества во многом зависит от позиции каждого человека

Важнейшее направление гражданского воспитания - это формирование опыта гражданского действия, позволяющего человеку практически реализовывать свои возможности в обществе. Гражданский опыт приобретается детьми в семье, учебных заведениях, детских общественных организациях.

ЛИТЕРАТУРА

1. Мунжасарова Г.Ж. Гражданское воспитание – основа духовности казахстанского общества.
2. Сластенин В.А. Педагогика. Издательский центр «Академия», 2002.
3. Бобрович В.И. Гражданское образование в современном обществе.
4. Оспанова С.А. Гражданское образование в действии.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ БАҒЫТТАРЫ

Айдналиева Н.А.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, ҚР білімді дамытудың 2015 жылға дейін Концепциясы 2004ж., ҚР стратегиялық дамуының «Қазақстан - 2030» бағдарламасында, ҚР білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, ҚР «Білім» бағдарламасында, мемлекеттік саясаттың басты принциптері ретінде болашақ мұғалімнің мәдениетін дамытуға бағытталған, білім берудің дамытушы сипатын арттыру мәселелерінде басты міндеттер қатарында қойылған[1,2,3,4]. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті Білім беру стандартында: «Қазіргі жағдайда қоғамның білім деңгейімен интеллектуалдық әлеуеті ұлттық байлықты құрайтын маңызды сипатқа ие, ал адамның білімділігі, көсіби икемділігі, шығарма-шылдыққа талпынысы және қолайсыз жағдайларда әрекет ете білуі еліміздің дамуына, тұрақтылығына және қауіпсіздігіне негіз бола алады» деп көрсетілген[5].

Білім берудің мемлекеттік стандарттары оларды этнопедагогикалық компоненттермен толықтыруға, әр халықтың этникалық және мәдени өзгешеліктерін, олардың тенденсін, жалпы дамуға және қолайлы жағдайын қосқан ерекше үлестері арқылы қарастыруды қамтамасыз ету мақсатында, оқу бағдарламаларын жүйелі түрде кеңейту мен жаңартуға жағдай жасады. Олай болса, ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуы ұлттық тәрбие арқылы дамитыны сөзсіз. Ұлы ғұлама әл-Фарабидің «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деген ойының негізі ұлттық тәрбиенің аса маңыздылығын көрсетеді[6].

Мұғалім жеке басының рухани келбеті, жоғары көсіби сапалары, әлеуметтік белсенелілігі этнопедагогикалық даярлығы дәрежесімен де ерекшеленеді деп есептейміз. Өйткені, мұғалімнің этнопедагогикалық даярлығы, оның адамгершілік тұлғасын, парасаттылығы мен азаматтық биiktігін шындаиды. Жалпы мұғалімнің жеке басының мәдениеті этнопедагогикалық мәдениет арқылы дамитыны сөзсіз. Мұғалімнің этнопедагогикалық мәдениеті – оның мәртебесін анықтайдын өлшемдердің бірі деп есептеуге болады. Жақсы мұғалім ең алдымен жақсы адам болуы тиіс. Ары таза, байсалды да төзімді, кешірімді де, әділетті мұғалім әрқашанда басқалардан айрықша тұрады. Мұғалімнің этнопедагогикалық мәдениеттілігі оның жоғары көсіби педагогикалық деңгейін көрсетеді. Педагогтың көсіби-педагогикалық бағыттылығын сипаттайтын жеке тұлғасының қасиеттері – оның беделінің көрсеткіші болып табылады.

Қоғамда болып жатқан өзгерістерге сәйкес Қазақстандық білім беру жүйесінде де оң жағалықтар болуда. Соның бір көрінісі – мұғалімнің этнопедагогикалық мәдениетінің қалыптасу мәселесіне бет бұру болып табылады.

Ы.Алтынсарин өзінің ағартушылық қызметінде «Халықта білім беру үшін ең алдымен оның рухын түсіну керек» – деп айтқандай, этнопедагогика курсы болашақ ма-

манды тәрбие жүйесіндегі этникалық ерекшеліктермен ұлттық даралық жайлы біліммен қаруландырады[7].

Бұғынгі студент, ертеңгі мұғалімді даярлау үрдісінде олардың этномәдени компетенцияларын қалыптастыра отырып ұлттық ерекшеліктерін анықтау көсіби даярлаудың ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар олардың саналы көзқарасын, ізгілікті мәдениеттерін орнатуда, жүйелі іс-әрекет жасауларына мүмкіндік береді. Мұндай жүйелі іс-әрекет мүмкіндігі студенттерді этномәдениет түсініктерімен толық ғылыми негізде қамтамасыз еткенде ғана тиімді нәтиже береді. Ал этномәдениет пен этнопедагогика арасындағы байланысқа тоқталатын болсақ, этнопедагогика – халықтық рухани мәдениеттің тұрақты бөлігі, демек этнопедагогиканың мазмұны, оның құралдары этномәдениетпен айқындалады. Осы орайдағы екі терминнің негізі «Этникалық» деген ұғымнан туындаиды. Бұл ұғым тәрбие мен білім берудегі мәдениет, дәстүр, тіл, психикалық түрпат, этникалық сана-сезім және өзіндік сана ерекшеліктеріне негізделген этникалық ерекшеліктер сапасына баса назар аударуды көздейді.

Жоғары оку орындарында болашақ мұғалімдерді көсіби қызметке даярлауда этнопедагогикалық мәдениеттің мәні ұлттың дамуымен қалыптасуының нақты проблемаларын шешуге бейім озық педагогиканың этникалық үлгілерін құрайтын арнайы білімдерден және практикалық ұсыныстардан тұрады. Мұнда халықтық педагогикалық мәдениеттіліктің маңызы үлкен мәнге ие. Олай дейтініміз, халықтық педагогика дәстүрімен оның мазмұнын одан әрі байытып тереңдете түсуге, сонымен қатар жазылған не жазылмаған заң ережелерін бұлжытпай сактауға үйретуіміз керек. Белгілі орыс ғалымы К.Д. Ушинский: «Халықтық тәрбиенің тәжірибесінен тыс жерде педагогика да жоқ, педагог та жоқ»[8] – дегендей, болашақ мұғалімдерді жас үрпақты тәрбиелеуде халықтық тәрбиенің маңызы зор екенін саналарына сіңіру міндеті туындаиды. Сонымен қатар ол мұғалімдерді халық мұғалімі деп атады, сондықтан оның халық өмірінің мәселелеріне адаптацияларында қарал, бұл өмірге белсене арасын талап етті. «Класта өз ісін істеп, мектеп табалдырығынан шығысымен қоғамға, әдебиетке араласпайтын оқытушы өз ісіне салықын қарауы мүмкін», – деп жазды ол. Ушинскийдің мұғалімдер алдына қойған маңызды бір талабы – олардың үнемі қаламдастарының, алдыңғы қатарлы оқытушылардың тәрбие тәжірибесінен туатын идеяларды қабылдап, өз ісіне пайдаланып отыруы. Мұғалім мамандығына деген аса жауапкершілікті көрсетті. Жас үрпақты тәрбиелеу үдерісіндегі көп жоспарлы міндеттерді ойдағыдай орындау, оның ішінде олардың этномәдени білімін қанагаттандыру негізінен жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің даярлығына тікелей қатысты.

Ж.Наурызбайдың басқаруымен ғалымдар тобы «Қазақстан Республикасындағы мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамасын» жасады[9]. Онда этникалық білім берудің негізгі міндеттері тәмендегідей көрсетілген: жан-жақты мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу; тұлғаның өзіндік төл мәдениетіне сай болуына және өзге мәдениеттерді игеруіне жағдай жасау, мәдениеттер алмасуына, олардың бірін-бірі байытуына бағдар беру; ана-тілінде еркін ұғынысуга қабілетті азаматтарды тәрбиелеу. Сонымен қатар тұжырымдамада мәдени-этникалық білімнің төрт функцияны атқаратындығы тәмендегідей көрсетеді:

- ұлттық сананы қалыптастырады және дамытады;
- этникалық ұлттық қоғамдастықтың тұтастырының жаңғыруын қамтамасыз етеді;
- адамның, этникалық топтардың ұлттық мәдени қажеттігін айқындаиды;
- мәдениеттердің өзара бірлігін, кірігүйн, байытуын, жеке тұлғаның әлемдік және ұлттық мәдениет жүйесіне енуін қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ тұжырымдамада ұлттық білім идеясын жүзеге асырудың негізгі шарттарыбылай анықталған: білім беру мен мектептің ұлттық бастауларын дамыту және нығайту; жеке тұлға үшін ана-тілі мен төл мәдениеттің сөзсіз басылымдылығын тану және оны қамтамасыз ету; білім беруді демократияландыру; жеке бағытталған білім беру қызметінің үздіксіздігі; мемлекеттік біртұтас бағдарлама негізінде атаптап проблема бойынша халықтың этникалық құрамының ерекшеліктері ескерілген аймақтық бағдарламалардың болуы.

Сонымен бұл тұжырымдаманың мақсаты – мектепте ұлт тілін, ұлт тарихын, ұлт мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрлерді жүйелі оқыту арқылы оқушылардың ұлттық санасын дамыту және қалыптастыру. Атаптап тұжырымдаманың мақсаты міндеттерімен және жалпы мазмұнымен таныс болашақ мұғалімдер үшін олардың этнопедагогикалық мәдениеттің қалыптастыруға жетекші құрал болатыны сөзсіз. М.Құрсабаевтың «Атамекен»[10]. З.Ахметованың «Көусар бұлак»[11]. Бұл бағдарламалар мектеп оқушыларына ұлттық тәлім-тәрбие беруді көздейді. Осыған байланысты педагогикалық білім беру болып табылатын күрделі жүйенің теориясы мен практикасын дамыту оны одан әрі байыту талап етіле-ді. Елімізде ЖОО-да болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық мәдениеттің қалыптасты-

руға бағытталған жұмыстар біршама жүргізілуде. Атап айтатын болсақ, «Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы» (Авторлары: С.Ұзақбаева, К.Қожахметова). Бұл тұжырымдамада болашақ мұғалімдер үшін оларды даярлауды ізгілендірудің негізі, этнопедагогикалық білім берудің мазмұны, этнопедагогикалық пәндерден сабак беруге саралы көзқарас, этнопедагогикалық білім тұжырымдамасын жүзеге асырудың шарттары, болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық білімін дамыту перспективалады ұсынылған. [11].

П.ғ.д. П.Б. Сейітқазы өзінің «Болашақ мұғалімдерді БАҚ арқылы тәрбие үрдісіне дайында» атты монографиялық еңбегінде: «Мектеп жұмысының бағытын қайта қарауды, қоғамның дамуындағы жаңа талаптарға сәйкес, оның мақсат, міндеттерін түбекейлі өзгерту қажеттігі туындаиды. Соңғы кездері уақыт талабына орай тәрбиелей отырып оқыту қағидасын оқыта отырып тәрбиелуе қағидасымен ауыстыру керек деген де пікірлер айтыла бастады. Соған сәйкес мұғалімнің мектептегі ролін қайта қарау керек. Себебі, окушының тұлға ретіндегі қалыптасуы мұғалімнің тәрбиелік жұмыстағы көсіби шеберлігіне тікелей байланысты[12]. Сондықтан болашақ мұғалімдерге білім бере отырып тәлім- тәрбиенің әдіс-тәсілдерін, құралдарын, педагогикалық іс-әрекет түрлерін менгерту қажет. Болашақ мұғалімдерді даярлауды жоғары сапалық деңгейге көтеру, жоғары оку орындарында студенттердің оку үдерісінде ынтымақтастық педагогикасын іске асыру, тәрбие жұмыстарын тез игеріп, іскерлік қабілетін дамыту жөн.

Болашақ мұғалімдерге ізгілік қасиет, яғни адамгершіліктің негізгі бағыттарындағы бірнеше тәрбиенің түрлері: еңбек тәрбиесі, эстетикалық тәрбие, құқықтық тәрбие, дene тәрбиесі, т.б. тәрбие түрлерін беру педагогикалық ынтымақтың нығаюына жол ашады. Болашақ мұғалім теориялық іліммен қаруланған жаңа қоғамдық өмір сүру үшін күресуге қабілетті, жан-жақты мәдениетті өз ісіне шебер маман болуы қажет. Жастарға терең білім мен тәрбие беру ісін одан әрі жетілдіре дамыту мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі. Білім беру мен тәрбие мақсатын көзделген осында мемлекеттік құжаттар аясында мәденилік жаңғырып, ерекше маңызға ие бола бастады. Этномәдени құзыреттілікті қалыптастыруды оның мақсаты маңызы роль атқарады, ол ұлттық сана-сезімді қалыптастыру сонымен қатар этникалық тәрбиенің мазмұнын анықтау. Ал этникалық тәрбиенің мазмұнын анықтау үшін оның міндеттері әсер етеді, яғни, биоәлеуметтік жүйе ретінде этнос субъектісін қалыптастыру: ана-тілін, ұлттық мәдениеті мен тарихын, ұлттық рухани мұрасын құрметтеу сезімін қалыптастыру. Ол үшін жоғары оку орында студенттерге этнопедагогикалық білім берудің алғашқы құнінен бастап этнопедагогика – белгілі бір халықтың, тайпаның өзіне тән ерекшеліктері бар дүниетанымдық, тәрбиелік, мәдени мұрасы туралы ғылым екенін олардың саналарына дәріс, семинар т.б. сабактар арқылы жеткізу және болашақтағы көсіптік қызметтеріне тигізер үлесі мол екенін дәлелдеу қажет.

Болашақ мұғалімдердің көсіби қызметке даярлауда этнопедагогикалық мәдениетін қалыптастыруды теориялық білімдер нәтижелерін бақылаудың алғышарты – педагогикалық практика. Педагогикалық практика болашақ мұғалімдерге тәрбиелік әсері аса қуатты, ол студенттің идеялық сенімін, адамгершілік бейнесін қалыптастырады, ал ол сонымен қатар олардың этнопедагогикалық даярлықтан өтуге жағдай жасайды. Студенттер педагогикалық практикаға дейін ғылыми педагогикадан және этнопедагогикадан нақты білімдер алады.

Болашақ мұғалімдердің этномәдени даярлықтар жүйесін жетілдірудің міндеттері оларды теориялық білімдермен қаруландыру ғана емес, олардың этнопедагогикадан алған білімдерін мектепте педагогикалық практикада қолдана алуы.

Педагогикалық практика – болашақ мұғалімдер мен сыйнып жетекшілерін даярлаудың басты кезеңі. Олардың мұғалімдік және сыйнып жетекшілік қызметтерді орындаі отырып, этнопедагогикадан алған білімдерін сабактарда, сыйныптан тыс жұмыстарда және ата-аналар арасында насиҳаттауға толық мүмкіндіктер бар.

Бүгінгі студент, ертеңгі мұғалімді даярлауда, яғни, олардың ұлттық мәдениеттерін қалыптастыруды ұлттық ерекшеліктерді анықтау көсіби даярлаудың ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Осыған орай болашақ мұғалімдердің ұлттық ерекшеліктерін анықтау олардың саналы көзқарасын, ізгілікті мәдениеттерін орнатуда, жүйелі іс-әрекет жасаударына мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Білім беру заңы. – 27.07.2007.
2. ҚР білімді дамытудың 2015 жылға дейін Концепциясы. – 2004.
3. «Қазақстан - 2030» стратегиялық даму бағдарламасы. – 1997.
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – 2004.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті Білім беру стандарты. – Астана, 2006.
6. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1992.
7. Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары /Ы. Алтынсарин атындағы пед. ғыл. зерт. институты; Құрастырған С. Қалиев және т. Б./-Алматы:Рауан, 1991, 91-100 б.
8. Ушинский К.Д. Педагогические сочинения: в 6Т. 2 /Составитель С. Ф. Егоров / – М: Педагогика,1988.
9. Қазақстан Республикасының этникалық мәдени білім тұжырымдамасы «Қазақстан мұғалімі» 1996ж, 25 желтоқсан.
10. Құрсабаев М. «Атамекен» бағдарламасы // Егемен Қазақстан,1992ж.,31 тамыз.
11. Ахметова З. «Кәусар бұлақ» бағдарламасы. – Алматы:Кәусар бұлақ, 1994. – 326.
12. Ұзақбаева С. А.,Қожахметова К.Ж. Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагикалық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы: Өнер, 1998. – 48 б.
13. Сейітқазы П.Б. Болашақ мұғалімдерді БАҚ арқылы тәрбие үрдісіне дайындау, – Астана, 2009ж.

АЗАМАТТЫҚ-ПАТРИОТИЗМ ТӘРБИЕ– ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРЕДЕСІНІҢ МАҢЫЗДЫ БӨЛІГІ

Алтай Қ.Т.

*«Қостанай қаласы өкімдігінің білім бөлімінің
М. Хәкімжанова атындағы №20 орта мектебі» ММ*

Кез келген мемлекеттің білім беру жүйесі сол мемлекеттің жүргізіп отырған саясатымен анықталады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының Азаматтарына патриоттық тәрбие берудің мемлекеттік бағдарламасын бекітті. Халқымыз ғасырлар бойы үрпағын өз елін сүюге, ізгілікке баулып келеді. Бұл ұлттымыздың дәстүрлі ұлттық тәрбиесінің өзегі деу-ге болады.

Отаншылдық, Отансүйгіштік, Патриотизм – адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі.

Отаншылдық – елжандылық туған отбасына, туып-ескең ортаға, туған топырағы мен табиғатына деген құрметтен басталады.

Отаншылдықтың іргетасы – ұлтжандылық. Өз ұлттың сүйіп, оның мұңын мұндалап, жоғын жоқтайдын азамат қана отаншыл болады.

Отаншылдықты рухани құбылыс ретінде зорлықпен, нұсқаумен биліктің басқаруымен енгізу мүмкін емес.

«Бала тәрбиесі- мемлекеттің маңызды міндеті» деген сөзді Платонның өзі де бекер айтпаған болар. Әрбір қоғамның өз дамуы жағдайындағы бұл өткір мәселе әрқалай шешіліп отырған.

Қазіргі таңдағы ағым да оңай болып отырған жоқ. Кейбір тұрмыстық қындықтар мен өмір сүрудің ауытқушылығынан руханиятсыздық белең алды. Халқымыздың шынайы тарихын, шежіресін, өнерін және әдеп – ғұрпын толық білетін қазақ азаматы бүгінгі еңбек етіп жүргендегі ішінде кемде – кем. Ал алдымыздығы балауса көк шөптей желкілдеп өсіп келе жатқан жас үрпақты осы кезден халқының асыл дәстүрінен, салтынан сусындарып өсірсе, бойына ана сүтіндегі сіңіп, бұл тұрғыда саналы да патриот азамат болып өсері сезісіз. Халқының ерлігі, төзімділігі, момындығы, қонақжайлышы, аршыл – мәрттігі, ақынжандылығы бойларына дарыса, кім – кімнен де сорлы болмас еді. Ұл балаларға жігітердің батырлығы, үлкенде сыйлауы, әйелдер мен өзінен кішілерге қамқор болуы үлгі болар еді. Қыз балаларға аналары мен апаларының инабаттылығы, ізеттігі, іскерлігі, табиғи сұлулығы, еңбекке төзімділігі ұлағат боп қалар еді.

Осы дәстүрлі дәріс тек соңғы ондаған жылдарда ғана шет қақпай күй кешіп, орнын бірынғай европалық үлгідегі тәсілдер алмастырды. Соның салдарынан ұлттық өрнек, ұлттық мінез – құлықтан айрылып, дүбәрә күй кештік.

Елімізде болып жатқан шын мәніндегі тарихи өзгерістер, ұлттық сана-сезімнің өсуі, ұлт арқылы қатынастар үредесі Отанымыздың ортақ тағдыры үшін жауапкершілікті сезінегін патриоттар тәрбиелеуді ерекше талап етеді. Осыған байланысты мектеп ұжымдарының жас үрпақтың патриоттық санасын қалыптастыру үредесіндегі іс-әрекетіне қажетті, адамгершілік ұстанымдар мен тұжырымдардың мәндерін тереңірек анықтау қажет.

Сондықтан Президентіміз Н.Ә. Назарбаев өзінің Жолдаулары мен сөздерінде егермен еліміздің азаматтарын қалыптастыруда тәрбие жұмыстарының ерекше рөлі барын ба-